



## Абай облысы Курчатов қаласы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы

Абай облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2025 жылғы 22 мамырдағы № 27/178-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 26 мамырда № 455-18 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-9 тармағына, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 14-1 бабының 2-тармағына, 68-бабына сәйкес, Курчатов қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Курчатов қаласы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Курчатов қаласы бойынша тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Курчатов қалалық мәслихатының төрайымы*

*Г. Хусайнова*

Курчатов қалалық  
мәслихатының  
2025 жылғы 22 мамырдағы  
№ 27/178-VIII шешіміне  
1 қосымша

## Курчатов қаласы бойынша тұрғын үй сертификатының мөлшері

1. Қарыз сомасының 10%, алайда әлеуметтік көмек түрі ретінде 1 600 000 (бір миллион алты жүз мың) теңгеден артық емес.

2. Қарыз сомасының 10%, алайда әлеуметтік қолдау түрі ретінде 1 600 000 (бір миллион алты жүз мың) теңгеден артық емес.

Курчатов қалалық  
мәслихатының  
2025 жылғы 22 мамырдағы  
№ 27/178-VIII шешіміне  
2 қосымша

## Курчатов қаласы бойынша тұрғын үй сертификаттарын алушылар санатының тізбесі

| № | Атауы                          |
|---|--------------------------------|
| 1 | Ұлы Отан соғысының ардагерлері |
|   |                                |

|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 2  | Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| 3  | Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| 4  | Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| 5  | Мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| 6  | Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар                                                                                                                                                                                                     |
| 7  | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| 8  | Кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар                                                                                                                                                                                                        |
| 9  | Қандастар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| 10 | Экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар                                                                                                                                                                                                                             |
| 11 | "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар                                                                                                                                               |
| 12 | Мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары                                                                                              |
| 13 | Толық емес отбасылар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| 14 | асырауында кәмелетке толмаған балалары және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын, бірақ жиырма үш жасқа толмаған балалары бар жесір әйелдер (тұл ер адамдар) |